

*№31 Ш. Уәлиханов атындағы жалпы орта білім
беретін мектебі*

*Ата-аналармен
жүргізілетін жұмыс
жоспары, жиналыс
хаттамалары.*

2022-2023 оқу жылы



**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінде
2022-2023 оқу жылында ата-аналар жиналысының жұмыс жоспары**

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Ата-аналар комитеті отырысы. 1.Ата-аналар комитетінің 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмыс есебі. 2.Ата-аналар комитетін қайта сайлау, жаңа оқу жылына жоспар бекіту. 3.«Мектепке жол» акциясы туралы. 4. Түрлі мәселе.	қыркүйек	Ата-аналар төрайымы Г.Калькенова ДТЖО К.Усенов Әлеуметтік педагог Ж.Айтымбетова Сынып жетекшілер
2	Ата-аналар комитеті отырысы 1. Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен балалардың өзіне-өзі қол жұмсауы және ұмтылуының алдын алу. 2. Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу. 3. I тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі	қараша	Ата-аналар төрайымы Г.Калькенова Психолог Г.Жамалова Әлеуметтік педагог Ж.Айтымбетова К.Тилеуова Оқу ісінің меңгерушісі А.Дюсенова
3	Ата-аналар комитеті отырысы 1.«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тренинг 2.Оқушылардың мектеп айналасында және мектептен тыс аймақтарда тәртіп сақтау ережелерін қатаң қадағалау жұмыстарын жүргізу. 3.Әлеуметтік деңгейі төмен оқушыларын білім қорынан көмек көрсету туралы. 4. ҰБТ-ге дайындық және оны тапсыру барысында жасөспірімге ата-ананың психологиялық көмегі 5. II тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі	қаңтар	Ата-аналар төрайымы Г.Калькенова ДТЖО Г.Р.Есжанова Педагог-психолог Г.Жамалова Сынып жетекшілер Пән мұғалімдері Оқу ісінің меңгерушісі М.Сакибекова
4	Ата-аналар комитеті отырысы 1.«Компьютерге тәуелділіктің алдын алу» 2. «Мамандық таңдаудағы балалардың қызығушылығын қалыптастыруына отбасының рөлі» 1.Оқушылармен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда мектеп пен отбасы серіктестігі.	наурыз	Ата-аналар төрайымы Г.Калькенова ДТЖО К.Усенов Оқу ісі меңгерушісі А.Дюсенова Сынып жетекшілер Пән мұғалімдері Оқу ісінің меңгерушісі

	2. III тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі		М.Сакибекова
5	Ата-аналар комитеті отырысы 1. Ата-аналар комитеттерінің жылдық жұмыстарын қорытындылау. 2. Оқушылардың жазғы сауықтыру лагерін ұйымдастыру. 3. Мектеп бітірушілердің ҰБТ-ға дайындығы 4. 2022-2023 оқу жылы бойынша оқу сапасының көрсеткіші	мамыр	Ата-аналар төрайымы Г.Калькенова ДТЖО К.Усенов Оқу ісі меңгерушісі А.Дюсенов Әлеуметтік педагог Ж.Айтымбетова

Директордың тәрбие

ісі жөніндегі орынбасарлары:  К.Усенов
 Р.Есжанова



Бекітемін
Мектеп директоры
А.К.Аманжол

**№331 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінде
2022-2023 оқу жылында ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары.**

№	Атқарылатын жұмыстардың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Барлық сыныптарда ата-аналар жиналыстарын ұйымдастырып өткізу. Ата-аналар комитетін сайлау. Әр оқушының ата-анасымен жеке келісім-шарт жасау. Ата-аналар чаттарының жұмыстарын ұйымдастыру.	тамыз-қыркүйек	директор орынбасары, сынып жетекшілер
2	Мектепте жалпы ата-аналар жиналысын ұйымдастырып өткізу	тоқсан сайын	директор орынбасарлары
3	«Отбасы – бақыт мекені» отбасы күніне орай іс-шаралар кешені. (бейнероликтер дайындау)	қыркүйек	сынып жетекшілер
4	«Отбасы – бақыт мекені» тақырыбында 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттарын өткізу	қыркүйек	сынып жетекшілер
5	«Әкем, анам және мен – біз бақытты отбасы» тақырыбында отбасылық спорттық ойындар.	қыркүйек	дене шынықтыру пәні бірлестігі
6	«Қарты бар ел – қазыналы ел» тақырыбында тәрбие сағаттарын ұйымдастыру	қазан	сынып жетекшілер
7	«Менің отбасымның құндылықтары» колонер бұйымдарының байқауы (күнделікті тіршіліктегі лайфхак).	желтоқсан	еңбек пәні бірлестігі
8	«Біздің үйдің дәстүрлері» ата-аналардың қатысуымен тәрбие сағаттары.	қаңтар	сынып жетекшілер
9	Ата-аналармен ашық іс-шаралар өткізу (қосымша жоспарға сай)	қаңтар ақпан наурыз сәуір мамыр	сынып жетекшілердің бірлестік жетекшісі, сынып жетекшілер
10	Ата-аналарды кезекшілік жұмыстарына, мәдени көпшілік шараларға қатысуға тарту	үнемі	сынып жетекшілер
11	«Отбасы – тәрбиенің үясы» үлгілі ата-аналар шеруін өткізу. Ата-аналарды марапаттау.	мамыр	мектеп әкімшілігі

Директордың тәрбие
ісі жөніндегі орынбасарлары:  К.Үсенов
 Р.Есжанова.

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің
2022-2023 оқу жылындағы ата-аналар комитетінің құрамы туралы жалпы мәлімет.

№	Ата-аналар комитетінің мүшелерінің аты-жөні	Туған күні, айы, жылы	Мекен жайы	Жұмыс орны	Байланыс телефоны	Ата-аналар комитетіндегі міндеті
1	Калкенова Гүлжамал	29.12.1948 жыл	Жүзімдік ауылы	зейнеткер, жеке кәсіпкер	8778 561 57 07	комитет төрағасы
2	Ибраймов Жамал	05.02.1949 жыл	Жүзімдік ауылы	зейнеткер, ауыл төбе биі	8702 747 58 43	комитет орынбасары
3	Мусабекова Мария Мырзабековна	08.03.1957 жыл	Жүзімдік ауылы	зейнеткер, жеке кәсіпкер	8705 489 15 19	комитет мүшесі
4	Камбаров Акмарал	01.08.1987 жыл	Жүзімдік ауылы	мектеп директоры	8701 147 60 04	комитет мүшесі
5	Туленова Бибигүл	09.02.1965 жыл	Жүзімдік ауылы	математика пәні мұғалімі	8702 396 59 63	комитет мүшесі
6	Кулбаева Райхан Сабыровна	11.11.1969 жыл	Бакқонар елді мекені	жеке кәсіпкер	8775 541 29 43	комитет мүшесі
7	Ахметов Сәкен Ибраймович	08.11.1966 жыл	Жүзімдік ауылы	ауыл әкімшілігі маманы	8775 762 85 66	комитет мүшесі

Мектеп директоры:



А.Камбарова

**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде
өткізілген жалпы ата-аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ №1**

12.09.2022 жыл

Жүзімдік ауылы

Қатысқандар: Мектеп директоры – А.Камбарова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары - К.Усенов, Р.Есжанова, жалпы ата-аналар, сынып жетекшілер.

Күн тәртібінде:

- 1.Ата-аналар комитетінің өткен оқу жылында атқарған жұмыс есебі.
- 2.Ата-аналар комитетін қайта сайлау, жаңа оқу жылына жоспар бекіту.
- 3.Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу, Жол қауіпсіздігін камтамасыз ету және жол апатарының алдын алу туралы
- 4.«Мектепке жол» акциясы туралы.
5. Түрлі мәселе

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі аталған мәселе бойынша мектептің ата-аналар комитетінің төрайымы Г.Калкенова сөз алып өткен оқу жылындағы атқарылған жұмыстар жайлы өз есебін берді.Оқу жылында атқарылған жұмыстармен қатар қол жеткізген жетістіктер жайлы толық айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Камбарова ата-аналар комитетінің 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстарына өзінің ризашылығын білдіріп, жаңа оқу жылында мектептің ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау үшін дауысқа салды. Көптеген ата-аналар сөз алып, өз ойларын ортаға салды. Ә.Тұрымбетова, С.Актаева, М.Тенгизбаева, Г.Қошаевалар, Г.Калкенова апайымыздың атқарған жұмысына өздерінің оң бағасын беріп, ата-аналар комитетінің құрамын қалдыруды және комитет төрайымы етіп Г.Калкенова апайымызды қайта қалдыруды ұсынды. Сонымен бірге «Қамқоршылық кеңесінің» құрамымен таныстырып, білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту ҚР білім және ғылым Министрінің 2017 жылдың 27 шілдедегі №355 бұйрығымен таныстырып өтті. Сөз алған ата-аналар мектептің Қамқоршылық кеңесінің жұмысына өз бағаларын беріп, алдағы уақыттағы істеріне сәттілік тіледі.

Күн тәртібіндегі аталған мәселе бойынша мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Усенов жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың пен зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары жайлы айтып өтті. Ата-аналар балаларына жақсы қарым-қатынас жасап, өз балаларына қамқор болуға шақырды. Түнгі мезгілде көшеге шығармау, сабаққа қатысу жақсы оқу, мінталитетімізге қарсы қылықтардан аулақ болуды қадағалау керектігін ескертті. Оқушылардың жол қауіпсіздігін камтамасыз ету және жол апаттарының алдын алу жұмыстары туралы тәрбие орынбасары Р.Есжанова оқушылардың өмір қауіпсіздігін камтамасыз ету үшін жұмыстар сынып жетекшілер тарапынан жүргізіліп жатқанын атап өтті. Әрбір бала «Жолда жүру ережесі» тақырыбындағы дәрісті мұқият тыңдап, әр уақытта қорытынды жасап отыруы қажет.

Үлгілі, тәртіпті бала көшеде жолда жүру ережесін бұзбайды.

Сөзге: К.Айтқұлова, Т.Сүлейкулов, Г.Дабыловтар сөз алып әрбір ата-аналар өз балаларына ие болып, жақсы тәлім-тәрбие беру, құқық бұзушылықтан аулақ болу керектігін айтты.

осы аталған мәселелерді тыңдау және ортаға салып талқылай келе төмендегідей шешім қабылдады.

Жиналыс қаулысы:

1. 2021-2022 оқу жылында ата-аналар комитетінің атқарған жұмыстары қанағаттанарлы деп танылсын.
2. Мектептің ата-аналар комитетінің құрамы төмендегіше қайта сайлансын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы – Г.Калкенова

Комитет орынбасары – Ж.Ибраймов

Комитет мүшесі – Мария Мусабекова

Комитет мүшесі – Ақмарал Камбарова

Комитет мүшесі – Бибігүл Туленова

Комитет мүшесі – Кулбаева Райхан

Комитет мүшесі – Сәкен Ахметов


3. Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу. Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол апаттарының алдын алу жұмыстары жандандырылсын.

Мектеп директоры:



А.Камбарова

Ата-аналар комитетінің төрайымы:




Г.Калкенова

**Директордың тәрбие
ісі жөніндегі орынбасарлары:**



К.Усенов



Р.Есжанова

Хатшы:



О.Жақсыбаева

**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде
өткізілген жалпы ата-аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ №2**

24.11.2022 жыл

Жүзімдік ауылы

Қатысқандар: Мектеп директоры – А.Камбарова, мектептің ата – аналар комитетінің төрайымы Г.Калкенова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары - К.Усенов, Р.Есжанова, жалпы ата-аналар, сынып жетекшілер.

Күн тәртібінде:

1. Жасөспірімдердің ерте жыныстық қатынасқа түсуінің ,балардың өзіне-өзі қол жұмсауы және ұмтылуының алдын алу.
- 2.Оқушылардың оқулықпен және бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылуы туралы.
- 3.Жұкпалы аурулардың алдын алу
4. I тоқсан қорытындысы, оқу үлгерімі.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі аталған мәселелермен мектеп директоры А.Камбарова таныстырып, «Ерте жүктіліктің алдын алу» бойынша баяндамашы Р.Есжановаға сөз берді. Ерте жүктілік қауіпті ме? Жүктілік кезінде ағза күшейген тәртіпте жұмыс істейді, жүрек қан тамыры, эндокриндік жүйе және ішкі органдарға үлкен жүктеме түседі. Бұның қиындығы — жасөспірімнің гормондық қайта құрылуы жүктілік қайта құрылуға жүктелгені. Жас аналарда көбінесе плацентарлық тапшылық, анемия, таксикоздар болады. Қыз балалардың ағзасы осындай жүктемелерге әзір емес! Ерте жүктіліктен қалай сақтануға болады? Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы — жыныстық тәрбие туралы білімінің жеткіліксіз болуы, не болмаса тәрбиенің мүлдем жоқтығы. Көптеген отбасыларда бұл тақырыпқа әңгіме қозғалмай, жабық күйде қалады. Бірақ бұл дұрыс емес. Негізінен, жоспарланған жүктіліктің 90 пайызы отбасындағы тәрбиеге және қарым-қатынасқа байланысты келеді. Яғни ана мен қыз баланың өзара қатынасы бұзылса, қыз бала «әдейі» бәрін кері істейді. Ерте жүктіліктің қалай алдын алуға болады? Проблемамен күресудің ең үздік тәсілі — сақтану. Жоспарланбаған жүктіліктен сақтанудың тәсілдері туралы ата-ана баласымен жиі әңгімелесу керек. Жыныстық тәрбие туралы кітаптарды оқу. Егер қыз бала жыныстық қатынасқа ерте түссе, оның салдарын білуі керек. Осындай өмірге ол дайын ба?! Баланы көтеріп, өмірге әкеле ала ма?! Егер ол ерте жүктілікке әзір болмаса, ол сақтанудың жолдары және құралдары туралы толық ақпараттануы керек. Ерте жүктіліктің нәтижесі Бұл мәселеге әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, қыз бала білім алу, жұмысқа орналдасу және карьера құру мүмкіндігінен айырылады. Ал жас жігіт әке атанып, жауапкершілікті көтеруге асықпайды, көп жағдайда қыздар өздері жалғыз қалады да (егер ата-анасы көмектесетін болса, жақсы), жас ана тығырыққа тіреледі; білімі жоқ, жұмысы жоқ, баланы күтіп-бағуға ақшасы болмайды. Осының бәрі жалғыз бір жас анаға ауыр болатындықтан, көп жағдайда аналар баласын балалар үйіне өткізіп жатады. Ал бұл өкінішке орай, ерте жүктіліктің салдарынан болатын жиі кездесетін оқиға.

Сондықтан, ауруын жасырған өледі — деп қазақ атамыз айтқандай жасөспірімдердің басқан әрбір қадамын ата-ана және мектеп тарапынан жіті қадағалау

керектігін қадап айтты.Құрметті ата-аналар балдарыңызды қадағалап бақылап жүріңіздер деп сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары туралы мектеп медбикесі Қ.Тілеуова сөз алып, жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша түсіндіріп өтті. Оқушылардың жеке басының гигиеналық тазалығына мән беру, жұқпалы аурулардан сақтанудың жолдарын атап өтті.

Оқушылардың бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылуы туралы мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Айтымбетова ыстық тамақпен қамтылған оқушылар туралы толық мағлұмат берді.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Дюсенова сөз алып, І тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналарға ақпарат берді. Оқушылардың осы тоқсанда қол жеткізген жетістіктерін атап өтті. ҰБТ-ге өз уақытында дайындық жұмыстары жүргізіліп отырғанын сөзге тиек етті. Қашықтықтан оқыту барысында ата-анаға да, мұғалімге де қиындық туындырып отыр, дегенмен бұл қиындықтарды еңсереміз.

Қаулы:

1. Жасөспірімдердің арасында ерте жүктіліктің ,балардың өзіне-өзі қол жұмсауы және ұмтылуының алдын алу жұмыстары жандандырылсын.
2. Оқушылардың оқулықпен және бір мезгіл ыстық тамақ беру жұмысы жүйелі жүргізілсін.
- 3.Жұқпалы аурулардың алдын алу жүйелі жүргізілсін.
3. 4. І тоқсан қорытындысы оқу үлгерімі қанағаттанарлық деп танылсын.

Мектеп директоры:

А.Камбарова

Ата-аналар комитетінің төрайымы:

Г.Калкенова

Директордың тәрбие
ісі жөніндегі орынбасарлары:

К.Усенов

Р.Есжанова

Хатшы:

О.Жақсыбаева

**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде
өткізілген жалпы ата-аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ №3**

27.01.2023 жыл

Жүзімдік ауылы

Қатысқандар: Мектеп директоры – А.Камбарова, мектептің ата – аналар комитетінің төрайымы Г.Калкенова, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары - К.Усенов, Р.Есжанова, жалпы ата-аналар, сынып жетекшілер.

Күн тәртібінде:

1. «Отбасындағы жасөспірімдердің тәрбиесінде кездесетін тәрбие түрлері» тақырыбында дөңгелек үстел басында ата-аналармен әңгіме өткізу.
2. Жас өспірімдер арасында құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі аталған мәселе бойынша педагог-психолог А.Камбарова «Отбасындағы жасөспірімдердің тәрбиесінде кездесетін тәрбие түрлері» тақырыбында әңгіме ұйымдастырылды. Отбасылық тәрбиесіз баланың үйлесімді дамуы мүмкін емес, бұл тәрбие қоғамдық тәрбиемен бірлесіп нығая түсуі керек. Отбасы мен қоғам – бір жүйенің кіші және үлкен үлгілері. В. Сатир жазғандай: «Отбасы қоғамдағы біріктіретін күш болуы керек, оның алатын кеңістігі мен мүшелерінің санының шағындығы соншалықты, олар бір-бірі туралы бәрін білетін, тіпті бір бөлмеге-ақ сыйып кететін қоғамның санаулы одақтарының бірі». Отбасы туралы жаңа ұрпақтарды қоғамдық тәрбиелеудің бөлігі ретінде айта отырып, оның осы жүйедегі мәнділігін назардан тыс қалдырмау керек. Ата-ана балаларының әлеуметтік құндылықтар кешенін, дүниеге деген көзқарасын, бағдарын, қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен әдеттерін қалыптастырады. Отбасындағы алғашқы өмір сабақтары балаға әрекет жасаудың нұсқасы ретінде әлеуметтік ақпаратты тандап қабылдауға, өңдеуге, меңгеруге немесе қабылдамауына негіз болады. Балаға отбасы тарапынан әсер ету үдемелігі мен нәтижелілігі бойынша теңдессіз. Себебі ол үздіксіз, бір мезгілде жүзеге асады, қалыптасып келе жатқан тұлғаға жан-жақты әсер етеді, көп жылдарға жалғасады, отбасындағы байланыстардың тұрақтылығына, балалардың да, ата-аналардың да өзара эмоционалдық қарым-қатынасына негізделеді. Сендіру, тіршілікті ұйымдастыру, түзету, марапаттау және жазалау туралы өздерінің пікірлерін айтты. Ата – аналар отбасында тәрбие туралы өздерінің ойларын ортаға салды, талқылады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Усенов жас өспірімдер арасында құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жұмыс жоспары бойынша жұмыс жүргізіп отыр. Құқық бұзушылық пен зорлық – зомбылықтың алдын алу бойынша кестеге сай профилактикалық рейд жүргізіледі.

Мектеп бойынша кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды аспектісі болып табылады. Занды, әлеуметтік пайдалы қызметке және қоғам мен өмірге ізгілікті көзқарас қалыптастырып, жастарды қылмыстық қызметке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу қажет. Құқық бұзушылықты алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары жасалып жұмыстар жүргізілгенін айта келіп өткізілген іс-шараларға жеке-жеке тоқталды. Мектепте өзін - өзі қорғау мен экстремалды жағдайда оңтайлы мінез-құлық дағдыларына үйрену мақсатында арнайы тренинг өткізілді. Балалардың бойында заңға бағынатын, ойдағыдай мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету мақсатында бірнеше жұмыстар жүргізілуде. Құқықтық білімдерін тексеру барысында тест, сауалнамалар алынды, сонымен қатар оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектепте пәндік үйірмелер, ер балалар арасында «Азамат» жасөспірімдер клубы ұйымдастырылды. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылыққа қарсы әрекетке жол бермеу және ұялы телефондарды жоғалтып немесе ұрлатып алудың алдын алу бойынша жоғары сынып оқушыларымен ата-аналар қауымдастығының қатысуымен «Заң бәрімізге ортақ» деген тақырыпта акция өтті. 5-8 сынып оқушылары арасында құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу мақсатында «Адамның үш тілсіз жауы» атты ой талқылап өтті. «Құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында 11 сыныпта пікір сайыс, 1-4 сынып аралығында «Жаман әдеттен арылайық» саяхат ойыны ұйымдастырылды. Жасөспірімдер инспекторының ұйымдастыруымен «оқушы балалар арасындағы қылмыстық іс-әрекеттерді болдырмау және алдын алу» тақырыбында 8-11 сыныптың ер балаларымен кездесу өткізді. 8 сынып жетекшісілері «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында тәрбие сағаттарының ұйымдастырылғанын тілге тиек етті.

Қаулы:

1. «Отбасындағы жасөспірімдердің тәрбиесінде кездесетін тәрбие түрлері» тақырыбында өткізілген дөңгелек үстел жақсы, жоспарға сай жұмыстар жүргізілсін.
2. Жас өспірімдер арасында құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстары туралы қанағаттанарлық деп танылсын.

Мектеп директоры:

А.Камбарова

Ата-аналар комитетінің төрайымы:

Г.Калкенова

Директордың тәрбие
ісі жөніндегі орынбасарлары:

К.Усенов

Р.Есжанова

Хатшы:

О.Жаксыбаева